

Жетістік мектебі "Керім - ай " балабақшасы

«Тәуелсіз елдің ұланымыз»

(ашық ұйымдастырылған іс-әрекет)



"Қонжық" тобы

Тәрбиеші: Қалила Ж

Ақтөбе қаласы

2022 жыл

Мақсаты:

- Оқушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту.
- Елін, жерін сүйуге, Отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу.
- Желтоқсан оқиғасында қазақ қыздары мен жігіттерінің рухына тағзым ету.

Көрнекілік: Шарлар, түрлі қағаздар.

- Сәлеметсіңдер ме, оқушылар?
- Сәлеметсіз бе!

Құрметті Ұстаздар, тәрбиленушілер «Тәуелсіз елдің ұланымыз» атты деп аталатын ортаңғы тобының тәрбие сағатымызды бастауға рұқсат етіңіздер. Еліміздің Мемлекеттік Гимн орындалсын.

Тәрбиеші:

Көк туым көтерілді бағым жанып,
Елтаңбам күллі әлемге танылды анық.
Шырқадым әнұранды бар дауыспен,
Арманым—Ата заңым қабылданды.

Ой шақыру

Тәрбиеші: Қазір қай мезгіл?

Балалар: Қыс мезгілі.

Тәрбиеші: Қыс мезгілінде неше ай бар?

Балалар: 3 ай бар.

Тәрбиеші: Аттарын айтыңдаршы.

Балалар: Желтоқсан, Ақпан, Қаңтар.

Тәрбиеші: Қыс мезгіліндегі ауа-райының ерекшелігі.

Балалар: Қар жауады, Боран болады, аяз болады.

Адамдар қалың киінеді.

Тәрбиеші: Біз қай мемлекетте тұрамыз?

Балалар: Қазақстан

Тәрбиеші: Біз қандай мемлекетпіз.

Балалар: Тәуелсіз.

Тәрбиеші: Біздің ұлтымыз кім?

Балалар: Қазақпыз.

Тәрбиеші: Біз қай тілде сөйлейміз?

Балалар: Қазақ тілінде.

Тәрбиеші: Біздің мемлекетіміздің астанасы қай қала?

Балалар: Астан қаласы.

Тәрбиеші: Қ Р елбасы кім?

Балалар: Қ.К.Тоқаев

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар.

Асыл:

Сарқылмайтын қуатым,
Тірегімсің Қазақстан.
Мәңгі соғып тұратын.
Жүрегімсің Қазақстан.

Алинур:

Аспан түстес көгілдір,
Тік бұрышты матаның.
Ортасында төгіп тұр,
Күн жаяды шапағын.

Еркемай:

Құтты болсын тәуелсіздік мерекесі
Мықты болсын еліміздің керегесі
Тату тәтті бұл халқымыз әрқашанда

Кетпесін туған жердің берекесі.

Азиза:

Он алтыншы желтоқсан
Тәуелсіздік алған күн,
Мерекеге ел тосқан
Атамменен барғанмын.

Би: Ортаға ортаңғы тобының барлық балалары шығады "Жаса,Қазақстан" би

Тамирлан:

Тәуелсіз елдеміз,
Қуанамыз күнде біз.

Эмир:

Тәуелсіздік жолында
Талай- талай тер төккен
Билігің өз қолында
Еркіндігім елдігім.

Тәрбиеші:

«Мен – қазақ, қазақпын деп мақтанамын,
Ұранға Алаш деген атты аламын» - деп азаттықты аңсаған, сол жолда аянбай еңбек еткен
азаматтарымыздың барлығы да қуғын – сүргінге ұшырап, құрбан болды. Қыршыннан кеткен
арыстардың аманатын арқалаған кейінгі толқын 1986 жылы желтоқсанда тәуелсіздік үшін
күресе білді.
Ендігі кезекте тәуелсіздік алғалы бергі жетістіктерімізді қағаз бетіне бейнелейік. (Балалар ортаға
жиналып суреттерді өз орындарына орналастырады.

Тәрбиеші:

Қане, балалар жақсы біледі екенсіңдер, ендеше Отан туралы тақпақтар айтайықшы.

Асылым:

Біз Отанның гүліміз,
Туған жердің нұрымыз.
Тәуелсіз біздің еліміз.
Қазақстан бай жеріміз.

Ислам:

Отан дейміз тұрып жатқан жерімізді.
Отан дейміз өсірген елімізді .
Отан дейміз туған жер, атамекен,
Биік тау, орман, тоғай, көлімізді.

Айару:

Отан – сенің ата-анан,
Отан – досың бауырың
Отан – өлкен астанан,
Отан – аудан ауылым!

Ән: «Біз әдепті боламыз»

Қорытынды бөлім:

Қаншама азапқа түсіп, қуғын-сүргінге ұшыраса да қазақ халқы бәріне шыдай білді. Осыдан 31
жыл бұрын егемендігімізді жариялап, Тәуелсіздікке қол жеткіздік. Бұл ғасырлар бойы біздің, яғни
қазақ халқының аңсаған арманы еді.
Ертеңгілігімізді қорытындылай келе осымен бүгінгі ертеңгілігіміз өз мәресіне жетті, бүгінгі
Тәуелсіздік мерекесімен барлықтарыңызды шын жүректен құттықтаймыз. Сіздерге
отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, осы балапандарыңыз Қазақстанымыздың туын
желбіретіп, биік шыңынан көрінетін азамат пен азаматша болуға тілектеспіз!



